

Дәріс №3

Тақырыбы: Сақтар (скифтер), массагеттер, дактар (дайлар), исседондар, аримаспылар.

Дәрістің мақсаты: Геродот, Страбон, Полиэн, Ктеси және т.б. қалдырған жазба деректер негізінде сақтардың шығу тегі, қоғамдық ұйымдасуы, шаруашылығы, сақ эпопеясы туралы біледі; сақтардың абыздар, ақсүйек тап әкілдері, қарапайым қауым мүшелерін бір-бірінен ажырата алады, ерте темір дәуіріндегі сақтардың тайпалық одақтарын антропологиялық типі, орналасу территориясы бойынша бір-бірінен ажырата алады; сақ тайпалық одақтарын археологиялық, тарихи карталардан жақсы бағамдауға дағдыланады.

Мазмұны: 1. Сақтар туралы жазба деректер. 2. Сақтар тайпалық одағы – алғашқы қоғамның бірлігінің әлеуметтік ұйымдасу формасы. Сақтар тайпалық одақтары: массагеттер, дактар (дайлар), аримаспылар, аргиппейлер және т.б. 3. I Дарий, Кир әскерлері мен А.Македонскийдің жаулаушылық жорықтарына қарсы сақтардың күресі.

Сақтар туралы жазба деректер.

Қазақстан және Орал далаларын сақтар мен савроматтар үстем еткен кезеңді археологиялық, не этнографиялық терминмен «ерте темір дәуірі», «ерте кәшпенділер дәуірі», «скиф дәуірі» деп аталады.

Еуразия құрылығында өмір сүрген сақ тайпалары археологиялық деректер бойынша б.з.д. VIII-I ғасырларда Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Батыс Түркістаннан бастап Балқаш, Алтай, Памирге дейінгі жерлерді мекендеген. Олар ежелгі өркениетті мемлекеттер – Грек, Қытай, Парсылармен мәдени, саяси-экономикалық байланыста болды. Сондықтан сақтар (скиф) туралы тарихи деректер гректер мен римдіктерде (Геродот, Хэрил, Самосский, Ктеси, Страбон, Аррион, Птоломей), Бехистун сына жазуларында, қытай деректерінде және үнді халқының әдеби ескерткіштерінде («Рамајане», «Махабхарате») кездеседі. Сақтарды қытайлар – «сай», ирандықтар – «саха», үнділер – «сакуа-секуа», юнандар – «скутхай (скит-скиф)», романдықтар – «сакае», гректер – «азиялық скифтер» деп атады.

Сақтар туралы жазба деректер

Еуразия құрылығында өмір сүрген сақ тайпалары археологиялық деректер бойынша б.з.д. VIII-I ғасырларда Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Батыс Түркістаннан бастап Балқаш, Алтай, Памирге дейінгі жерлерді мекендеген. Олар ежелгі өркениетті мемлекеттер – Грек, Қытай, Парсылармен мәдени, саяси-экономикалық байланыста болды.

Сақтарды қытайлар – «сай», ирандықтар – «саха», үнділер – «сакуа-секуа», юнандар – «скутхай (скит-скиф)», романдықтар – «сакае», гректер – «азиялық скифтер» деп атады.



Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Тарих ғылымында сақтардың шығу тегі туралы екі түрлі көзқарас бар. Оның біріншісі: скифтер тегі жағынан ирандықтар, сондықтан олардың түп тамырлары солардан тарайды. Екіншісі: скифтер ежелгі түріктер, алғашқы бастауларын Азиядан алады, олар байырғы замандардан осында өмір сүріп, кейінірек Қара теңіз жағалауларына ауысқан ежелгі түркі халықтарының арғы аталары. Бұл пікірді көптеген ғалымдар, олардың ішінде ондаған жылдар бойы ежелгі түркі тарихы бойынша қыруар материалдар мен құжаттар жинап, жүйеге түсіру нәтижесінде 1986 жылы Анкарада жарық көрген «Түркілер өмірдің тарихын» жазған түрік ғұламалары Шүкір Сефороғлы мен Аднан Мударисоғлы да қолдайды. Осы кітаптың «сақ (скиф) имылары Кеңгерес пен оның патшалығы» деген тарауында: Негізін қалаушы: Афрасиаб – Алып Ер Туна, Атақты Тоңа батыр. Мемлекеттің өмір сүрген уақыты б.з.б. VІІІ. – б.з. ІІІ. Діні бойынша: Тәңірге табынады (бас құдайы – аспан құдайы Тәңірі). Жазуы түркі сына жазуы, оның неғұрлым маңызды да кәрнекі үлгілері Енисейден табылды (VІІ-VІІІ, V ғасырлар)».

Тарих ғылымында сақтардың шығу тегі туралы екі түрлі көзқарас бар

- Оның біріншісі: скифтер тегі жағынан ирандықтар, сондықтан олардың түп тамырлары солардан тарайды.
- Екіншісі: скифтер ежелгі түріктер, алғашқы бастауларын Азиядан алады, олар байырғы замандардан осында өмір сүріп, кейінірек Қара теңіз жағалауларына ауысқан ежелгі түркі халықтарының арғы аталары.


Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

«Сақтардың ирандықтар Афрасиаб деп атайтын аса кәрнекті де қуатты кәсемдерінің бірі Алып Ер Тоңа. Ғұндардың болашақ басшысы Модэ Афрасиабтың оныншы ұрпағы. Афрасиаб б.з.б. VІІ ғасырда өмір сүрген. Алып Ер Тоңа ұзақ жылдар бойы ирандықтармен қанкесті соғыс жүргізді.

Б.з.д. 624 жылы Афрасиаб кездейсоқ тұтқынға түсіп қалып, иран шахы Кей Құсыраудың бұйрығымен әлтірілді. Осыдан бастап сақ конфедерациясы бөлшектеліп, ұсақталып кетті. Сақ тайпалары бұдан кейін Иранға, Кавказға, Шығыс Еуропаға, Балқан мен Анатолияға тарап, түркі хандықтарын құрды (Илмаз Озтуна. Осман мемлекетінің тарихы. Стамбул. 1986. 22 бет).

Жалпы сақтар туралы барлық ақпараттық массив үш сатыны қамтиды. Ең төменгі саты – ежелгі парсы жазбалары мен Геродоттың «скифтер» туралы әңгімелері; екінші саты – Александр Македонский және оның саяси мұрагерлерінің Орталық Азияға жасаған жорықтарынан кейін элиндер сақтаған мәліметтер; үшінші саты - өз замандастарынан, Орталық Азияның

халқы мен елдеріне қатысы бар ақпарат берушілерден жинақталған гректер мен латыш жазушыларының мәліметтері.



Сақтар номадтар. «Номад» сөзі грекше «көшпелі» дегенді білдіреді. Старбон гиппемолгтар, галактофагтар мен абийлер «киіз үйлерде тұрады, олар мал бағып, сүтпен, ірімшікпен, негізінен қымыздан жасалған ірімшікпен қоректенетін көшпелілер, олар қор жинай алмайды және тауарды тауарға айырбастаудан басқа сауда дегенді білмейді» деп жазады. Ол бұл халықты «әте ержүрек те әділ» деп бағалаған.

Старбон кәне заманның ұлы ақыны Гомерді: «қайдағы бір «гиппемолгтар мен галактофагтарды атаған Гомер скифтерді қалай білмей қалған?» деп түзетеді. Ал олардың скифтер екені сөзсіз. Әйткені ақынның замандастары скифтерді гиппемолгтар деп атаған және бұған Эратосфен келтірген Гесиодтың (ежелгі ақын): «эфиоптарды, лигурктер мен скиф-гиппемолгтарды» деген сөзі куә.

Сақтар тайпалық одағы – алғашқы қоғамның бірлігінің әлеуметтік ұйымдасу формасы.

Сақтар тайпалық одақтары: массагеттер, дахтар (дайлар), аримаспылар, аргиппейлер және т.б.

Скифтер алғаш рет ассириялық патша Асархаддон (б.з.б. VІІІғ.) жазбасында аталады. Онда ассириялық патша манналар елінің халқын және «Ишпак әскерлерін жеңгендігін, оларды құтқармаған одақтастары скифтер туралы» хабарлайды.

Парсы патшасы I Дарийдің (б.з.д. 522-486 жж.) скифтерге жасаған жорығының үшінші ескерткіші – теңіз деңгейінен 152 метр биіктіктегі Керманшах қаласының маңындағы Бехистун жартасында ойылып жазылған жазуларында сақ тайпалары үш топқа: сақ-хаумаваргаларға (хаома сусынын дайындайтын сақтар), сақ-тиграхдаудаларға (тәбесі шошақ бас киімдері бар сақтар), сақ-парадарайяларға (теңіздің арғы бетіндегі сақтар) бөлінеді делінген. Бірінші топтағы сақтар Ферғана жерінде мекендесе, екіншілері

Сырдарияның орта аймағы және Жетісу жерін, Тянь-Шаньді жайлап, үшіншілері-еуропалық скифтер Арал әңірінде, Сырдария мен Әмударияның төменгі ағысында немесе Қаратеңіздің теріскей бетінде орналасқан. Дарий және оның мұрагері Ксеркс (б.з.д. 486-464 жж.) әз жазбаларында атаған хаумаварға сақтары (хаома ішімдігін дайындайтын сақтар) Арий құдайларының бірі «Алтын көзді Хаомаға» арналып жасалатын, қанды қыздыратын ритуалды сусынды дайындайтын болғандықтан осылайша аталған. Сусын қылқан жапырақты эфедрадан жасалған.

Сақтар тайпалық одағы – алғашқы қоғамның бірлігінің әлеуметтік ұйымдасу формасы



Керманшах қаласының маңындағы Бехистун жартасында ойылып жазылған жазуларында сақ тайпалары үш топқа:

1. Сақ-хаумаварғаларға (хаома сусынын дайындайтын сақтар)
2. Сақ-тиграхаудаларға (төбесі шошак бас киімдері бар сақтар)
3. Сақ-парадарайяларға (теңіздің арғы бетіндегі сақтар) бөлінеді делінген.


Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Қазақстан мен Орталық Азия тарихындағы ерте темір дәуірі ахеменид жазбаларына қарағанда Геродот шығармасында жан-жақты көрініс табады. Геродот біртұтас этникалық қауымдастық ретінде сақ-скиф тайпаларын зерттеудің ғылыми негізін қалыптастырды. Скиф халқының өзін таратқан екі аңызына (бірі Тарғытайдан, екіншісі ежелгі грек батыры Гераклдан таратады) сенімсіздік білдіре отырып, Геродот былай дейді: «Үшінші әңгіме де бар (мен оған кәбірек сенемін). Ол былай сипатталады. Скифтердің көшпелі тайпалары Азияны мекендеген. Массagetтер әскери күшпен оларды ығыстырғанда, скифтер Аракса ауысып, киммерийліктер жеріне кәшті (қазір скифтер мекендеген ел, ертеде киммерийліктердікі болған)». Аталған әзен Еділ, ал киммерийліктер жері – солтүстік Қаратеңіз маңы.



Геродоттың кәшпелілердің шығыстан батысқа миграциялануы туралы берген ақпараты Қазақстан территориясына ерте темір дәуірінің тайпаларының орналасу жағдайы мен тарихын түсінуде маңызды. Исседондардан соң аримапалар мекен етеді – біркөзді адамдар, аримападан соң – алтын күзететін грифтер (басы бүркіт, денесі арыстан), ал олардан жоғары – теңізбен шекарада гипербореилер, Геродот: «Бұл халықтардың барлығы, гипербореилерден басқасы, үнемі кәршілерімен соғысады (соның ішінде соғысты аримапалардың өздері бастайды). Аримапалар исседондарды өз елінен қуып шықты, осыдан соң исседондар скифтерді ығыстырды, ал Оңтүстік теңізді мекендеген киммерийліктер скифтердің қысымынан өз отанын тастап кетті», деп жазады. Зерттеушілердің пікірінше, скифтер Қара теңіз маңына б.з.д. 700 жылы келген.

Геродоттың сақтар туралы деректері:



- «Скифтердің көшпелі тайпалары Азияны мекендеген. Массаеттер әскери күшпен оларды ығыстырғанда, скифтер Араксқа ауысып, киммерийліктер жеріне көшті (қазір скифтер мекендеген ел, ертеде киммерийліктердікі болған)»
- «Бұл халықтардың барлығы, гипербореилерден басқасы, үнемі кәршілерімен соғысады (соның ішінде соғысты аримапалардың өздері бастайды). Аримапалар исседондарды өз елінен қуып шықты, осыдан соң исседондар скифтерді ығыстырды, ал Оңтүстік теңізді мекендеген киммерийліктер скифтердің қысымынан өз отанын тастап кетті»
- «Бұл массаеттер көпсанды және ержүрек халық. Олар шығыста Аракс (Әмудария) өзенінің күн шығатын бетінде исседондарға қарсы орналасқан. Өзгелер оларды скиф тайпалары деп есептейді».

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Геродоттың «Тарих» еңбегінде жан-жақты және нақты мәліметтер массагеттер жөнінде: шаруашылығы жөнінде (мал шаруашылығы және балық шаруашылығы), жауынгерлері мен әскери өнер, қару-жарақ, тұрмыс, киім және тамақ, жерлеу дәстүрі, діні туралы (күнге табыну). Ол былай деп жазады: «Бұл массагеттер көпсанды және ержүрек халық. Олар шығыста Аракс (Әмудария) әзенінің күн шығатын бетінде исседондарға қарсы орналасқан. Әзгелер оларды скиф тайпалары деп есептейді». Келесі үзінді массагеттердің орналасқан жерін нақты анықтауға көмектеседі. Геродоттың ойынша, Кавказ батыстан Каспий теңізімен, ал шығысында оған күннің шығар бағытында шексіз ұшы-қиыры жоқ жазықтық шектеседі. Бұл үлкен жазықтықтың көп бөлігін жоғарыда аталған массагеттер мекендеген. Осылайша, массагеттер Маңғышлақтың кең жазығын, одан шығысқа қарай Әмударияға дейін қоныстанған деген қорытынды жасауға болады. Геродот массагеттер мен олардан солтүстікке қарай орналасқан исседондардың дәстүрі мен өмір сүру салты ұқсас екенін айтқан. Қазақстандық археологтар К.А.Ақышев және Г.А.Кушаевтың пікірлерінше, исседондар Орталық Қазақстан территориясын мекен еткен.

Геродоттың ең мифтік халқы болып аримаспалар мен аргиппеилер табылады. Геродот оларды скифтер тайпаларына жатқызбайды. Аримаспаларды оларға расалық және этникалық ұқсастыру қиын, бірақ олардың мекен еткен жергілікті жерін анықтауға болады. Аримаспалардың алтынды күзететін грифтермен көрші болуы еріксіз алтыны мол жер туралы ой тудырады. Ежелгі қытай жазба деректерінде Алтай Алтын таумен – «Цзинь-Шань» теңестірілгені белгілі, тіпті Алтай қытай атауының аудармасы болуы да мүмкін. Алтай кейін монғолоидтық түріктер мекендеген мекен және түріктердің отаны болып есептелінгенімен, б.з.д. ҮІІІ ғасырда олар бұл жерді иемденген деу қиын. Сондықтан аримаспаларды монғолоидтықтарға жатқызу дұрыс болмас. Аргиппеилерге келер болсақ, олар туралы мұндай қорытынды жасауға себеп бар. Геродот олар туралы: «Биік таудың етегін адамдар мекен етеді. Олар туғанынан, ерлері де, әйелдері де таз болып туады, тайпақ мұрынды және кең иекті болып келеді. Олар ерекше тілде сөйлейді, монғолоидтық бет пішін және тілдері жағынан скифтерден өзге. Бұл халықтың аты – аргиппеилер». Олардың орналасу жеріне келер болсақ, бұл Оңтүстік Орал ауданы. С.Я.Лурье пікірінше, «таз адамдар» - қазіргі башқұрттардың ата тегі.



Сақ қоғамында өмір сүрген адамдардың үш тобы ерекшеленеді: жауынгерлер, абыздар және басқа қауым адамдары (малшылар мен егіншілер). Әрбір қоғамдық топтың дәстүрлі өз түсі болды. Жауынгерлердікі – қызыл, абыздардікі – ақ, өзгелердікі – сары және көк.

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Геродот Қазақстанның батыс облыстарының ежелгі тұрғындары (аборигендері) савроматтар туралы да қызықты мәліметтер қалдырған. «Тарихтың атасы» айтуы бойынша, савроматтар, ерекше тайпа ретінде, скифтердің амазонкалармен – соғысқұмар әйелдермен некесінен таралған. Амазонкаларға үйленген жас ер-скифтер әйелдерінің кеңесімен скифтерден бәлініп шығып шығысқа кетеді. Өз күйеулерінің тайпаластарымен әмір сүруді қаламауларын олар былай түсіндіреді: «Біздер сіздердің әйелдеріңізбен әмір сүре алмаймыз. Әйткені біздің дәстүріміз олардыкіндей емес қой: біз садақ атамыз, дротиктер (найзалар) лақтырамыз және атпен шабамыз; әйелдер жұмысына біз үйренбегенбіз. Ал сіздердің әйелдеріңіз біз атағандардың бірімін де айналыспайды, өз үйлерінде қалып әйел жұмыстарын атқарады, аң ауламайды және тіпті ешқайда шықпайды. Сондықтан біздер олармен тату тұра алмаймыз».

Геродоттың аңыздық әңгімелері қазіргі таңда өз дәлелдерін тауып отыр. Осылайша, америка археологы, профессор Жанина Дэвис-Кэмбел (Беркли қаласындағы Калифорниялық университет жанынан ашылған еуразиялық номадтарды зерттеу Орталығының директоры) кеңес ғалымдармен бірге қазақстан-ресей шекарасында, яғни Батыс Қазақстанда савромат-сарматтық 50 қорғандарды зерттеп, былай деп жазады: «Қорғандардан біздер қола қанжарлар мен қола жебенің ұштары кездескен әйелдер жерлеулерін таптық. Бұл олжалар, амазонкалар туралы гректік жазбаларды шынайы фактілермен негіздейді деген пікір туғызады».

Мамандардың ойынша, скифтер Қара теңіз маңын мекендеген, ал савроматтар – Еділ мен Жайық маңын мекендеген. Савроматтық аорстар тайпалары б.з.д. II ғасырда Солтүстік Каспий маңын мекен еткен. Савроматтардың ертедегі территориясы Арал және Каспий теңіздерінің арасындағы облыстар болды. А.Гудшмидт Страбон мен Птоломей қалдырған

мәліметтер негізінде аорстарды Танаистан (Дон) батыста төменгі Яксартқа (Сырдария) дейінгі кең территорияға орналастырады. Ф.Хрит қытай деректеріндегі яньцайды немесе грек және рим авторларындағы аландарды аорстармен ұқсастырды. Алайда соңғы зерттеулер, атап айтсақ, М.П.Абрамова аорстар мен яньцайдың филологиялық және тарихи ұқсастықтарын толықтай жоққа шығарды.

Ғалымдардың савроматтар мен сарматтардың туыстығы туралы пікірлері түрлі. М.И.Ростовцев савроматтар мен сарматтардың генетикалық байланысын жоққа шығарды, ал С.П.Толстов онымен келісе отырып, Орта Азия, нақтырақ Арал маңы сарматтар батысқа жылжыған кезде бастапқы орталығы болды және сарматтардың өздері массагет-дахтан тараған деп есептейді. Смирнов сарматтар мен савроматтарды толықтай туыс тайпаларға жатқызбағанымен, сарматтар савроматтар тайпалық бірлестіктерінен таралды және олардың негізінде Скифияның басым бөлігін жаулап алған сарматтардың ірі саяси одақтары қалыптасты деп есептейді. Осы уақыттан бастап ғұндардың шапқыншылығына дейін сарматтар Солтүстік Қара теңіз маңында басты саяси және әскери күш болған. Б.з. II ғасырынан бастап савромат-сармат тайпаларынан таралған аландар, қытай деректеріндегі яньцайлар үстемдікке ие болды. Савроматтар мен сарматтардың туыстығы туралы кеңес тарих ғылымында қалыптасқан пікірден өзге пікірді қазақстандық археолог Г.А.Кушаев ұстанады. Орал маңын мекендеген савромат мәдени-тарихи қауымдастық (б.з.д. VII-V ғғ.) пен сарматтар тайпалары (б.з.д. IV – б.з. IV ғғ.) арасында генетикалық байланыс жоқ, әйткені жерлеу рәсімінде де, жерлеу құрылыстарында да, керамика-ыдыстар формасында да екеуінің арасында ешқандай сабақтастық жоқ. Б.з.д. VII-V ғасырларда исседондар Жайық әзені бассейніндегі Орал жотасынан оңтүстік және оңтүстік-батысқа қарайғы территорияны басты. Қазақстандық археолог б.з.д. VII-V ғасырлардағы Орал облысы территориясындағы (БҚО) қорғандардың материалдары исседондар қауымдастығымен байланысты деп есептейді. Әрине Г.А.Кушаевтің болжамы оны жоққа шығаратын немесе растайтын объективті бағалауды қажет етеді. Алайда біздің мамандар әлі бұл мәселені зерттеуде автордың қорытындыларын салыстырудан басқа нәтижеге қол жеткізген жоқ.

Кир мен Дарийдің жорықтарынан соң антикалық авторлар еңбектерінде массагеттер туралы мәліметтер былай тұрсын, тіпті олардың аты да аталмайды. Массагеттер әмір сүрген жерде даилар пайда болады. Ғалымдардың пікірінше, олар массагеттер тайпаларының бірі болса керек, немесе қола дәуірінің тайпасы да болуы ықтимал.

Александр Македонскийдің мұрасы Бактрия патшалығының б.з.д. II ғасырда құлауына қытай деректерінде юэчжейлер себепкер болған. Ғылымда басым түсетін пікір бойынша юэчжейлер – бұлар тохарлар. Грек географы Страбонның (б.з.д. 63 жыл – б.з. 23 жыл) ойынша, тохарлар скифтерден тараған, Сырдариядан шығыста орналасқан.

Даилар мен тохарлар тарихта артынан белгілі із қалдырды. Б.з.д. 238 жылы даилардың бір тайпасы – парналар (парфяндар) қазіргі

Түркіменстанның оңтүстік-батыс шегі мен Иранның солтүстік-шығысында құдыретті Парфян империясының негізін қалады, бұл империя жүз жылдан соң өз билігін Вавилон мен Эламға таратты. Б.з.д. 53 жылы Рим империясының Каррахпен (Сирия) қоса парфияндардан жеңіліске ұшыраған соң, Рим ортақ держава құру ұмтылысын біржолата жоғалтты. Б.з. 224 жылы билікке Арташир I келді. Осылайша Иранда Сасанидтер державасы пайда болады. Сасанидтер тұсында Парфян патшалығының құлауынан соң солтүстік-шығыс Иран мен оңтүстік Түркіменстан Хорасан деп аталды.

Б.з.д. II ғасырдың төрттен үшінде Грек-Бактрия мемлекеті құлағаннан соң кішігірім Бактрия княздігінде юэчжей тайпасынан – кушан басқарған Кушан империясы құрылады. Гүлденген уақытында (б.з. I-III ғғ.) Кушан патшалығы Бактриядан басқа бүкілге дерлік Ауғанстанды, Солтүстік Үндістанды иеленді. Кушан патшалығы б.з. IV ғасырының 80-ші жылдарында құлайды. IV ғасырдан бастап Бактрия «Тоқарыстан» деген атпен белгілі болды. Қазір де ауғанстанның бір провинциясы Тоқарыстан деп аталады.

Қазіргі таңда отандық зерттеушілердің ерте темір дәуірінің тайпаларын Қазақстан территориясына орналастыруының кәрінісі келесідей: оңтүстікте – сақ-тиграхаудтар, немесе массагеттер мен даилар; батыста савроматтар, орталық аудандарда – исседондар, солтүстік-шығыста – аримаспалар.

Сақ қоғамының қалай ұйымдасқаны туралы мәселе осы уақытқа дейін ғалымдар арасында талас туғызып келеді. Археологиялық қазбалар мен жазба деректердің дәлелдегеніндей, ерте темір дәуірінде мүлік теңсіздігінің болғандығы айқын кәрінеді. Әскери құрал-жабдықтардың әр алуан түрлерін әндіру ісі жедел дамыды. Кәшпелілердің әскери жорықтары жиі болып тұрды. Бұл кезең – алғашқы қауымдық қатынастар ыдырап, әскери демократия құрылысының пайда бола бастаған кезеңі еді.

Бүкіл тайпа мүшелері сайлаған тайпа кәсемі – бас қолбасшы болды. Олар тайпаны басқарып отырды. Әр кәсем өз тайпасының қарумен, азық-түлікпен қамтамасыз етілуін қадағалады. Сонымен қатар олар жер дауын шешіп, рулар мен тайпалар арасында қақтығыс туып кетпеуін қадағалады. Сақ әйелдері қоғамдық әмірге белсене қатысты және еркектермен бірге соғысты. Тіптен олардың кейбіреулері тайпа кәсемі болып та сайланды. Геродот былай деп жазды: «Егер сақтардың бірі қызға үйленгісі келсе, онымен күш сынасуы керек. Қыз жеңсе, жігіт оның тұтқыны болып есептеліп, оған толық тәуелді болған. Тек жеңген жігіт қана қызға өз билігін жүргізе алады». Мәселен, тиграхауд сақтарының кәсемі Рүстем мен массагеттер кәсемі Томирис арасындағы жекпе-жек болған. Сонымен қатар грек авторы Ктеси әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік туралы айтады.

Әмірлік маңызы бар мәселелер халық жиналысында талқылаған. Оған әйелдер де қатысты.

Рим тарихшысы Квинт Курций Руф сақтардың кәктен түскен сиқырлы сыйы бар екендігі туралы аңызды әңгімелейді: «соқа мен қамыт егіншілерге, найза мен садақ жауынгерлерге, жайпақ тостаған абыздарға арналған. Бұл заттар бізге және біздің достарымызға жауларымызға қарсы күресу үшін

керек. Өгіздер көмегімен астық әсіреміз, тостағанға құйылған шарапты құрбандыққа беріп, жауларымызды алыстан садақпен, ал жақыннан найзамен жайратымыз».


Сонымен, сақ қоғамында әмір сүрген адамдардың үш тобы ерекшеленеді: жауынгерлер, абыздар және басқа қауым адамдары (малшылар мен егіншілер). Әрбір қоғамдық топтың дәстүрлі өз түсі болды. Жауынгерлердікі – қызыл, абыздардікі – ақ, өзгелердікі – сары және кәк.

I Дарий, Кир әскерлері мен А.Македонскийдің жаулаушылық жорықтарына қарсы сақтардың күресі

Сақ эпопеясы (ерлік істері) тарих ғылымы үшін скиф-сколоттардың Кир мен I Дарийдің жорықтарына қарсы күрестерінен басталады. Окс пен Яксарт (Әмудария мен Сырдария) сақтарының осы оқиғалар шегінде Отаны, олардың әмірі, дәстүрі, олардың солтүстік және шығыс көршілері туралы анық болмаса да алғашқы мәліметтер пайда болды.


I Дарий, Кир әскерлері мен А.Македонскийдің жаулаушылық жорықтарына қарсы сақтардың күресі

Сақ эпопеясы (ерлік істері) тарих ғылымы үшін скиф-сколоттардың Кир мен I Дарийдің жорықтарына қарсы күрестерінен басталады. Окс пен Яксарт (Әмудария мен Сырдария) сақтарының осы оқиғалар шегінде Отаны, олардың әмірі, дәстүрі, олардың солтүстік және шығыс көршілері туралы анық болмаса да алғашқы мәліметтер пайда болды.



Б.з.д. 558 жылы Оңтүстік-батыс Иран үстіртіндегі парсы тайпаларының билеушісі ахеменид руынан шыққан Парсуаш елінің патшасы Кирдің немересі Кир сайланды. Оның кішірек патшалығында көрші ірі-ірі төрт мемлекет болды: Мидия (Иран үстіртінде), Лидия (Кіші Азияда), Вавилония (Тигр мен Ефрат әзендері аралығында) және Египет. Б.з.д. 553 жылы Кир Мидия патшасы Астияға қарсы соғысып жеңді, ал б.з.д. 547 жылы Лидия патшасы Крез де бағынған еді. Б.з.д. 539 жылы Вавилония бағынды. Б.з.д. 545-539 жылдары Вавилонияны басып алмас бұрын, Кир өзінің негізгі күштерін Шығысқа бұрды. Кирдің алғашқы жорығы туралы мәлімет аз және бір-біріне сәйкес келмейді. Алайда Бехистун жазбасының арқасында Дарийдің Кирден мұрагерлікке Индияның солтүстік батыс шекарасын, соның ішінде сақ елінің жерлерін алғандығы белгілі болды. Кирдің екінші жорығы, өзінің түбіне жеткен жорығы, ол қартайған кезінде б.з.д. 530 немесе 529

жылы болған. Кирдің сол кездегі қарсыласын 100 жылдан кейін V ғасырдың 40-шы жылдар аяғында грек тарихшысы Геродот “Тарих” деп аталатын еңбегінде массагеттер деп атаған. Оның айтуынша массагеттер Каспийдің шығысынан Аракс (Әмудария) әзенінің арғы жағына дейін кәшіп жүрген. Кирдің жорығын Геродот өз шығармасында аңыз-хикая түрінде сипаттаған (Томирисі Кир алғашында Лидия патшасы Крездің берген кеңесімен айлакерлікпен жеңіп, тұтқынға түскен Томирис ұлы Спаргаппис өзін-өзі өлтіреді. Томириспен болған шешуші шайқаста Кир қаза болады. Осыған байланысты Геродот жазбаларында мынадай аңыз бар: Парсыларды жеңгеннен кейін Сақтардың әйел патшасы Томирис: “Сен қанға құмартып едің, енді шәлің қансын”, - деп үлкен торсыққа толтырып қан құйғызып, оған Кирдің басын салдырады). Алайда Геродоттың өзі бұл оқиға туралы басқа, алғашқы әңгімеге мүлдем қайшы көзқарасы да бар. Кирдің б.з.д 530 жылы тамыздың басында Узбай жағалауында шайқаста қаза болғаны және оның денесі жауына ешқандай олжа болмағандығы белгілі, бұған қоса оның денесі Пасарга қаласына жеткізіліп, осы уақытқа дейін сақталған. Осыдан бірнеше жыл бұрын, археологтар Пасаргадағы Кирдің қабірін ашуға ұйғарады – Томирис ханым жәніндегі аңыздың шындығына көз жеткізгісі келеді. Расында да патшаның басы жоқ болып шыққан.



Б.з.д. 530-529 жылдары Мидия елінің патшасы Кир көптеген елдерді өзіне бағындырып, «Азия әміршісі» атағына ие болып, Ұлы Далаға қарсы жорыққа шықты. Шайқастардың бірінде Кир патшасы Томирисінің жұбайы Рустамды өлтіріп, баласы Спаргапписті қолға түсірген. Тұтқында Томирисінің ұлы да мерт болды. Ал Кир көшпенділер еліне елші аттандырып, олардың ханшасына өзіне тұрмысқа шығуын сұрады. Сонымен бірге, бір халыққа бейбіт жолмен бірігу туралы ұсыныс жасады. Томирис Кир патшасының ұсынысын қабылдамай, оның қанға тоймас басын қанға тұншықтыруды уәде етеді. Ақыры, сөзіне тұрған патшайым парсыларға қарсы ұрыс жүргізеді. Осылай массагеттер жеңіске жетеді. Шешуші айқасқа сәк әйелдері қатысқан. Бұл оқиғаны грек тарихшысы Геродот «ең кескілескен және ұлы шайқас» деп суреттеген.

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Б.з.д. 522 жылы толқу жайлаған Иранда билік басына Кирдің алыс туысы Дарий келді. Дарий сына жазбасында өзінің ру шежіресін былай таратады: «Мен Дарий, ұлы патша, патшалардың патшасы, Парсы патшасы, елдер патшасы, Виштаспа ұлы, Аршама немересі, Ахеменид. Дарий патша былай дейді: «Менің әкем Виштаспа, Виштаспа әкесі Аршама, Аршама әкесі Ариарамна, Ариарамна әкесі Чишпиш, Чишпиш әкесі Ахеменид. Сондықтан біздер Ахеменидтер деп аталамыз».

Кирдің өлімінен 11 жыл өткеннен кейін және Дарий билігінің үшінші жылында (б.з.д. 519-518 жылдары) шығыстағы жағдай патшаны қатты алаңдатты. Бұрын жауланып алынған елдер және соның ішінде сақтар да өздерінің тәуелсіздігін қалпына келтіруге асықты. Дарийдің оларға жасаған алғашқы жорығы сәтсіз аяқталады. Оған грек тарихшысы Полиэннің

айтуынша, Ширактың ерлігі себепкер болады. Кейін жеке-жеке отырған сақ тайпаларын бір-бірлеп бағындырған ол аз уақыт болса да, оларды басып алды. Дарий патшасы былай дейді: « ... сонан соң мен әскерлеріммен сақ еліне аттандым, оннан кейін шошақ тәбелі тымақ киетін сақтар шайқасуға шықты. Мен әзенге келдім де, арғы бетке әскеріммен өттім. Сақтардың бір бөлігін жойып, қалғандарын тұтқындадым. Олардың Скунха атты кәсемін тұтқындап, маған алып келді. Мен өз қалауым бойынша, оларға өзге кәсем сайладым, сөйтіп, ел менікі болды...». Бұл деректе тиграхауд сақтары туралы айтылады. Олардың елінің орналасқан жері Дарий сипаттаған сол ірі әзен (драйа-теңіз, үлкен әзен деген сөз қолданылған). Жазбада әзеннің аты аталмаған және талас пікірлер тудырады: бір зерттеушілер оны Амудария, екіншісі – Сырдария, үшіншісі – Узбай әзенінің сағасы деп есептейді. Сақтардың орналасқан жерін нақтырақ көрсетуге Дарийдің алтын кестедегі жазбасы көмектеседі: «Дарий патша былай дейді: «Мен иелік ететін патшалық мынау – сақтар елінен Соғдианның арғы жағынан Эфиопияға дейін, Үндістаннан Лидияға дейін». Егер Соғдианның тарихи Отаны Амудария мен Сырдария әзендер аралығы, Зеравшан әзені бойымен және оның орталығы Мараканд (Самарқанд) екенін ескерсек, онда сақтар территориясын елестету қиын емес, ол – Сырдариядан солтүстік-шығысырақ, яғни оңтүстік-шығыс Қазақстан жерлері, бұған Қырғызстан мен Шығыс Түркістанды қоса.

I Дарийдің жаулаушылық жорықтары

Сақ тайпаларының біраз бөлігі оларға салық төледі және парсы патшасына жасаққа жігіттер бөліп тұрды. Тіпті сақтардың біразы парсы патшасының “өлмейтін он мың” деп аталатын ұланының құрамына кіріп қызмет етті. Б.з.б. VI ғасырдың аяғы V ғасырдың басында (б.з.б. 500-449 жж.) ежелгі Шығыстағы грек-парсы соғысында сақ тайпалары парсылар жағында болды. Мәселен, б.з.б. 490 жылғы грек-парсы әскерлерінің Марафон жеріндегі болған соғыста сақтар парсылар жағында болып, гректерге қарсы соғысты.



Сақ тайпаларының біраз бөлігі оларға салық төледі және парсы патшасына жасаққа жігіттер бөліп тұрды. Тіпті сақтардың біразы парсы патшасының “өлмейтін он мың” деп аталатын ұланының құрамына кіріп қызмет етті. Б.з.б. VI ғасырдың аяғы V ғасырдың басында (б.з.б. 500-449 жж.) ежелгі Шығыстағы грек-парсы соғысында сақ тайпалары парсылар жағында болды. Мәселен, б.з.б. 490 жылғы грек-парсы әскерлерінің Марафон

жеріндегі болған соғыста сақтар парсылар жағында болып, гректерге қарсы соғысты.

Б.з.б. IV ғасырдың 30-шы жылдарында (б.з.д. 330-327 жылдар) македониялық гректер Александр Македонский басшылығымен соңғы Ахеменид, III Дарий Кодоманның әскерлерін талқандап, орта Азияға баса көктеп кірді. Олар Маракандты (Самарқандты) алып, Сырдарияға бет алды. Сырдария бойына бекініп алу үшін кішігірім “Александр Крайный” немесе “Шеткі Александр” деген қала салдырды.



Б.з.б. IV ғасырдың 30-шы жылдарында (б.з.д. 330-327 жылдар) македониялық гректер Александр Македонский басшылығымен соңғы Ахеменид, III Дарий Кодоманның әскерлерін талқандап, орта Азияға баса көктеп кірді. Олар Маракандты (Самарқандты) алып, Сырдарияға бет алды. Сырдария бойына бекініп алу үшін кішігірім “Александр Крайный” немесе “Шеткі Александр” деген қала салдырды. Гректер сақтардың біраз жерлерін басып алды. Бірақ Александр Македонскийдің әскерлері сақтардың жерінде көп тұра алмады. Ыстық күн, жолсыз шөл дала, ержүрек сақтардың тынымсыз шабуылы, Александр Македонскийдің сырқаттанып қалуы гректерді қашуға мәжбүр етті. Олар Сыр бойындағы “Шеткі Александрді” тастап, Самарқанд қаласына шегінді. Сөйтіп, Сырдария сыртындағы сақ тайпалары грек басқыншылығына қарсы күресте өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Гректер сақтардың біраз жерлерін басып алды. Бірақ Александр Македонскийдің әскерлері сақтардың жерінде көп тұра алмады. Ыстық күн, жолсыз шөл дала, ержүрек сақтардың тынымсыз шабуылы, Александр Македонскийдің сырқаттанып қалуы гректерді қашуға мәжбүр етті. Олар Сыр бойындағы “Шеткі Александрді” тастап, Самарқанд қаласына шегінді. Сөйтіп, Сырдария сыртындағы сақ тайпалары грек басқыншылығына қарсы күресте өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Александр Македонский б.з.б. 323 жылы сүзектен қайтыс болды. Ол әлгеннен кейін, оның ұлан-байтақ империясы ыдырай бастады. Әйткені ол берік экономикалық және саяси байланыс бірлігі жоқ әр түрлі тайпалар мен халықтардан құрылған мемлекет еді.

Сақтардың мәдениеті.

Б.з.д. VII ғасырдан бастап Сібір, Қазақстан, Еділ бойы және Еуропаның оңтүстігіндегі ұшы-қиырсыз далалы аймақтар әнерінде «аңдық стиль» пайда болды. Онымен сақтар Алдыңғы Азия пен Иранға жасаған жорықтарында танысты. Оның басты тақырыбы аңдар мен аңыздардағы құбыжықтарды суреттеу еді. Бұндай бейнелермен қола қазандар, әр түрлі құрбандық заттары, қару-жарақтар, ат әбзелдері мен киімдер әшекейленді. «Аңдық стиль» үш кезеңнен тұрады: 1. б.з.д. VIII-VII ғасырлар. Бір орында тұрған қалпында жеке бейнелеу (таутеке, арқар, қабан және т.б.); 2. б.з.д. VI-IV ғасырлар.

Қозғалыс үстіндегі аңдар, шайқасып жатқан аңдар, жыртқыштардың шабуыл жасап жатқан кәріністері; 3. б.з.д. III-II ғасырлар. Аң стилі әрнекке айналған (түрлі – түсті тастармен кәз салып безендіру, әшекейлеу, жиектеу – полихромдық стиль). Көркемдік шығармашылықтың бұл түрі дамудың шегіне жетіп, б.з.д. III-II ғасырлардың өзінде-ақ шынайылық негізін жоғалтып, ою-әрнектік кескінге айналды. Полихромдық стильдің скифтік-сібірлік аңдық стильді ауыстыруының ең басты себебі Монғолиядан, Орта Азия аймағынан ғұндардың көптеген бірлестіктерінің ағылып келуі болды.

Сақтардың мәдениеті



Полихромдық әнерге бұйымдарды әшекейлеудің әр алуан техникасы тән. Жиі кездесетіндері түрлі-түсті тастармен безендіру (инструкция), зерлеу (түрлі алтын домалақтарын жапсыру), оқа жүргізу (алтын жіптермен кестелеу, алтын жалату), заттың бетіндегі ойыстарды бағалы заттар қосылған арнайы сұйықпен толтыру, т.б. тәсілдері болды.

Сақтар табиғат күштері – күн, жел, күннің күркіреуіне, найзағайға табынды. Бұларды құдайдың ісі деп санады. Сақтардың түсінігі бойынша, құдай әр түрлі жануарлар бейнесінде әмір сүрді. Ол – қанатты ат немесе ит тәрізді аттар сияқты фантастикалық аң, құс, жануарлар бейнесінде болды.

«Аңдық стиль» әнерінің негізі – ежелгі аңыздарда сақталған адамның әр түрлі жануарлардан шыққандығы туралы түсініктермен байланысты. Адам өз тегін табиғатпен байланыстырып, өздерін соның бәлшегі деп есептеді. Әрбір ру не тайпаның шыққан тегі: бұғы, қасқыр, арқар, жолбарыс, дала бүркіті, т.б. аңдар болып есептеліп, сондықтан аң бейнелері бар заттар қасиетті тұмар немесе бойтұмар саналды.

Қару-жарақтағы аң бейнесі шайқас кезінде жауынгерге рух беріп, оқ дарытпайды, жеңіске бастайды деп сенді.

Сақтар мен савроматтардың материалдық мәдениет тарихын зерттеуде қазақстандық археологтар үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Іле өзеніндегі

Бесшатыр қорымындағы (б.з.б. V ғ.), Есік қорғанындағы (б.з.б. IV ғ.) қазба жұмыстары сақ қоғамының байлығын көрсетті, ерте темір дәуірінің тарихын жаңаша тұрғыдан баға беруге мүмкіндік берді. Есік қорғанындағы «Алтын адамның» ашылуы («Алтын адамның» кәшірмесі Нью-Йорктегі БҰҰ-ның ғимаратындағы әлемдік әркениет үлгілері ортасынан орын тапты) үлкен ғылыми жаңалық болды. Есік қорғаны сақтардың зергерлік өнерін жан-жақты көрсетеді (4000 астам алтын бұйымдар табылған). «Алтын адамның» әшекей бұйымдары – сақ мифологиясының, дүниетанымының ерекше энциклопедиясы деуге болады, сонымен қатар олар сақ қоғамының әлеуметтік құрылысын түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе ерекше назарды 26 руналық тәрізді таңбалардан тұратын күміс тостағандағы жазу аудартады. Әкінішке орай, филологтардың (9 версиясы бар), басқа да адамдардың оқуға тырысқандарынан еш нәтиже шықпады.

Ежелгі грек дәрігері және ғалым Гиппократ (б.з.д. IV-III ғғ.) кәшпелі-скифтердің тұрғын үйлерін алғашқы болып сипаттады. Ол скифтердің кәшпелілер деп аталу себебі олардың үйінің жоқтығынан, олар **кибиткілерде** тұрады, олардың «аз кездесетіні тәрт дәнгелекті, ал қалғандары – алты дәнгелекті, олар киізбен жабылған, үй сияқты құрылған біреуі екі, келесісі үш бөліктерден тұрады; олардан су да, қар да, жел де өтпейді. Бұл арбаларға екі және үш жұп мүйізсіз бұқаларды жегеді. Мұндай арбаларға әйелдер орналасады, ерлер ат үстінде жүреді; олардың артынан қой мен жылқылар ереді. Бір жерде олар малға шөп жеткенше тұрақтайды, ал ол жетпегенде келесі жерге кәшеді. Олардың әздері піскен ет және жылқы сүтін ішеді».

Еуропеоидтық аборигендердің келімсек монғолоидтармен метисациялану процесі де кәніл аудартатын мәселе. Мұны ахеменидтік ескерткіште бейнеленген сақтың бет жүзінен байқауға болады. О.И. Исмагуловтың есептеуінше, қола дәуірінде монғолоидтық элементтердің үлесі 0% болса, ерте темір дәуірінде - 20% болған.

Қосымшалар.

Тарғытай (шамамен жыл қайыруымыздан 1500 жыл бұрын өмір сүрген-мыс).

Скифтердің айтуы бойынша, олардың халқы – ең жас халық. Оның шығу тегін былай таратады: әлі жан аяғы баспаған осынау елсіз мекеннің алғашқы иесі Тарғытай деген адам екен. Скифтердің айтуы бойынша, оның әкесі Зевс, шешесі Борисфен өзенінен жаралған қыз екен. (Мен бұған, әрине, олардың нандырып баққанына қарамастан сенбеймін). Тарғытайдың таралу тамыры осылай, ал оның өзінің үш ұлы болыпты: Липоксайс, Арпоксайс және ең кенжесі Колаксайс. Олардың патшалық еткен тұсында скиф жеріне аспаннан алтын бұйымдар – соқа, мойынтұрық, алдаспан (айбалта) және тостаған түсіпті. Бұл заттарды ең бірінші үлкен ағасы көріпті. Оны алу үшін жақындай

бергені сол екен, алтын бұйымдар жалын шашып, жолатпапты. Сонан соң ол шегініп кетеді де, ортаншысы ұмтылады, онда да алтын заттар алаулап, жолатпапты. Әстіп, алтын бұйымдардың әрт буы екеуін жанына маңайлатпапты, ал кенже ұлы келгенде алтын заттардың жалыны әшіп, суып сала беріпті, сәйтіп, үшінші ұлы алтын қару-жарақты өзінің үйіне алып келіпті. Сондықтан да екі үлкен ағасы патшалықтың тағын кенже інілеріне беріпті. Сонымен, олардың айтуынша, Липоксайстан скифтердің ауқат, ортаншы ұлдан – қатиар мен траспи, ал кенже ұлдан – паралаттар тайпасы тарапты. Бұлардың барлығы бірігіп әздерін сколаттар, яғни, патша тұқымынан тарағандар деп атайды. Элладалықтар бұларды скифтер дейді.

Әдебиеттер: Жұртбаев Т. Дулыға: Кәне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар – Алматы: Жалын – К. 1 – 1994 – 368 бет (38-40 беттер).

Зарина (б.з.д. IV ғасырдың аяғы – V ғасырдың басында әмір сүрген).

Бұл оқиға Мидия патшасы Астибар тұсында өткен еді. Оқиға Мидия ханзадасы Стриангей мен сақ патшасы Зарина арасындағы махаббатты осы уақытқа дейін соғысып келген екі елге бейбіт әмір сыйлайды. Стриангей Заринаны аң аулап жүрген кезде кезіктіріп ғашық болып қалған еді. Ал Заринаның күйеуі, сақ әскербасы Мәрмәрге екі ел арасындағы тыныштық ұнамайды, сәйтіп Заринамен тілдесу үшін сақ даласының шетіне келген Стриангейді қапалыста қолға түсіріп өлтірмекші болады. Алайда Мәрмәр Стриангейдің күзетшілерінің қолынан жараланып, қансырап өледі. Бұл оқиғадан бір жыл өткен соң Стриангей жасаған тілекке Зарина оны сүйе тұра, елінің еркіндігі үшін бас тартады.

Әдебиеттер: Жұртбаев Т. Дулыға: Кәне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар – Алматы: Жалын – К. 1 – 1994 – 368 бет (200-204 беттер).

Ескіл (Скил б.з.д. V ғасырдың ортасында әмір сүрген).

Ескілдің әкесі скифтің патшасы Ариап болатын. Оның әйелі истриялық (Дунай өзені) ханымнан Ескіл туады. Грек тілі мен жазуын ұлына сол шешсі үйретті. Ол Эллада өнеріне ерекше ден қойды. Ақыры бұл құштарлығы оның әмірден ерте кәз жұмуына әкеп соқты.

Ариап патшаны скиф елінің бір тайпасы – агафирстің көсемі Спаргапип қапыда өлтірді. Ескіл көшпелілердің заңы бойынша таққа ғана отырып қоймайды, әкесінің кіші тоқалы Опоияға әмеңгер ретінде үйленеді. Опоияның Ариаптан Әрік атты ұлы болатын. Оны Ескіл әкіл бала етіп алды. Әзге патшалардай емес, Ескіл скифтерді мүлдем басқа жолмен басқарды. Ол ең алдымен сауда-саттықты, әзге мемлекеттен алыс-берісті нығайту үшін ақша соқтырды. Киім кию үлгісіне өзгеріс енгізді. Тәңірге табыну рәсімін элладалықтарға жақындатуға тырысты. Өзінің танымына кәз жеткізу үшін Эллада мен скифтердің ынтымақтасытығын нығайтты. Тіпті, грек қалаларына көшпелілердің әскерінің сап түзеп келуіне мүмкіндік алды. Ол сарбаздар қаланы аралап, ұстаханалар мен шеберханаларды кәріп, оны үйренуге бойсұнады деп ойлады. Алтыннан түйін түйеге скифтер де шебер болатын. Бірақ ғимарат тұрғызып, тас мүсін қашауды ар санайтын. Қала еркін елдің аяғына тұсау салады деп ойлайтын. Ескіл болса, керісінше саясат ұстанды.

Жаңа патшаның бұл әрекеті қарсылық тудырмады. Тек кәшпелілер Ескілдің бір мінезіне таң қалды. Борисфендердің қаласына бастап әкелген әскерін қорғанның сыртына қалдырып, қақпаның аузына күзет қойып, әзі шаһарға жалғыз кіріп кетеді. Содан кәзден ғайып болады да, бір айдан кейін қайтадан әскеріне оралып, кең далаға қарай зулата шаба жәнеледі. Арада жарты жыл өткен соң әлгі әдетін тағы да қайталайтын.

Бұл жұмбақтың сырын Геродот былай түсіндіреді: Ескіл шаһарға кірісімен, әзінің скиф үлгісіндегі киімін шешіп тастап, элладалықтардың киімін киеді. Олардың базарын, дүкенін аралап, сауда жасайды. Скифтерге қажетті заттарды сататын керуен дайындайды. Борисфенде әзіне арнап сарай салдырады, сол шаһардың қызына үйленді. Мұны, әрине, әзінің отандастарынан жасырын істеп, өте құпия сақтады.

Бірде Ескілдің гректердің ең құдыретті құдайы Дионисия Вакхаға табынатын діни рәсіміне қатысуға кәңіл ауады. Ал скифтердің ең жек кәретіні де осы рәсім болатын. Сол үшін элладалықтармен араласпайтын.

Ескіл әзінің кең сарайына келіп, діни рәсімді орындауға кіріседі. Ол сарайдың іші жиһазға толы, кәз қызықтыратын. Ескіл бәлмедегі қаптап тұрған сфинкс (басы адам, денесі арыстан бейнесіндегі мүлік. Ол гректердің танымында адамның рухын сақтаушысы, құдыреттің белгісі) пен ақ мәрмәрден қашалған грифтің (басы бүркіт, денесі арыстан бейнесіндегі құс) ортасында тұрып мінәжат қылады. Сол кезде найзағай ойнап, үйге жай түседі де, әртеніп кетеді. Ескіл сонда да орнынан қозғалмай, құлшылық ете береді. Оның бұл тосын қылығын кәрген бодисфендік біреу скифтерге жеткізеді. Скифтер Ескілге наразы болып, Ариаптың Тер атты фракиялық әйелінен туған Оқтамасты таққа отығызады. Ескіл осы Оқтамастың қолынан қаза табады.

Шырақ-Сирақ.

Шамамен б.з.д. 555-518 жылдары әмір сүрген. Сирақ шапқыншыларды бетпақ далаға қарай бастап жүреді де, оларды сусыз, нәрсіз қалдырып, аштан қырмақ болады. Ақыры Сирақ ерлікпен қаза тапты. Ал парсылар ажал тырнағынан әзер құтылды, Дарий Аполлон (Митра) құдайға парсыларды құтқара кәр деп жалбарынған соң, аспаннан жаңбыр жауып барып аман қалыпты-мыс.